

## Қобда ауданы Сарбұлақ ауылдық округінің Сарбұлақ ауылының кейбір көшелерін қайта атау туралы

Ақтөбе облысы Қобда ауданы Сарбұлақ ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 10 қазандағы № 12 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 14 қазанда № 30163 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Сарбұлақ ауылдық округінің Сарбұлақ ауылы халқының пікірін ескере отырып және Ақтөбе облысы әкімдігі жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2021 жылғы 26 наурыздағы № 1 қорытындысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Сарбұлақ ауылдық округі Сарбұлақ ауылының келесі көшелері:

Астана көшесін Жәңгір хан көшесіне;

Абай Құнанбаев көшесін Шығанақ Берсиев көшесіне;

Жастар көшесін Әбілхан Қастеев көшесіне;

Желтоқсан көшесін Түркістан көшесіне;

Пацаев көшесін Сарыбұлақ көшесіне қайта аталсын.

2. "Ақтөбе облысы Қобда ауданы Сарбұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешім Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғаннан кейін Қобда ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін;

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сарбұлақ ауылдық округінің әкімі*

*Е. Утегенов*